

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АЗАМАТТАРЫНЫҢ ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕЛЕНУІНІҢ МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫ АЯСЫНДАҒЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Ерте заманда қазақтың тілінде «патриотизм» деген сөз болмаған. Бұл ұғым Қазан төңкерісінен кейін сөз қорымызға енді. Патриотизмнің негізгі мағынасы әр азаматтың ұлтын, Отанын сүйуден туындайды. «Патриотизм» — гректің сөзі. Оның қазақшасы — жерлес, отандас дегенді білдіреді, яғни, Отанын, ұлтын сүйу, оны жаудан қорғау.

Қазақтың ұлтжандылығы, «Туған жерге ту тігу елім деген азаматтың борышы» дегенді өздерінің ұл-қызының санасына үнемі сіңіріп отырған. «Ер намысы — ел намысы», «Арың үшін алысу азаматтық», деген елжандылық ұрандар халқымыздың мәңгілік тәрбие қағидасына айналған.

«Қазақстан Республикасы азаматтарының патриоттық тәрбиеленуінің мемлекеттік бағдарламасы» атты Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 10 қазандағы № 200 қаулысына сәйкес, еліміздің Президенті, Қарулы Күштердің Бас Қолбасшысы Н. Ә. Назарбаевтың талаптарына сәйкес, ұлттық сана-сезімін құруға бағытталған өз Отанының тарихын білуге, Отанға деген махаббат пен патриотизм рухында ерлік, айбын, даңқ туралы, ар-намыс пен өжеттілікке, қайсарлыққа, сонымен қатар азаматтардың құқығы мен бостандықтарын қорғауды тәрбиелеуге терең көңіл бөлу, сонымен қатар биылғы жылғы «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту — Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауындағы жетінші бағытында «Оқыту үдерісінің тәрбиелік құрамдасын күшейту қажет. Олар — патриотизм, мораль мен парасаттылық нормалары, ұлтаралық келісім мен толеранттылық, тәннің де, жанның да дамуы, заңға мойынұсынушылық. Бұл құндылықтар, меншіктің қандай түріне жататынына қарамастан, барлық оқу орындарында да сіңірілуге тиіс».

Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаев өзінің «Қазақстанның болашағы — қоғамның идеялық бірлігінде», «Тарих толқынында» деген еңбектерінде идеялық мәселелерге топтасудың керек екенін айтып, бірігуге шақырып, бұл міндетті жүзеге асыруда білім берудің, отбасы, еңбек ұжымы сияқты дәстүрлі институттардың маңызды рөл атқаратынын, олардың ықпалы ерекше тиімді болатынын баса айта отырып, «Біздің тағы бір аса маңызды идеологиялық міндеттеріміз — Қазақстандық патриотизмге тәрбиелеу, әрбір азаматтың өзін-өзі айқын билеу. Олай болса, осы міндетті орындау жолында тәрбие мәселесін қолға алып, ұрпақтарды аздырмай-тоздырмай қазіргі сауда-саттықтың, алдау-арбаудың ықпалына жібермей, етегіне сүйретпей еліміздің болашақ өркениетті дамуын алға бастайтын адамдарын тәрбиелеуіміз керек».

Патриотизм — дейді бір сөзінде Б. Момышұлы, - Отанға (мемлекетке) деген сүйіспеншілік, жеке адамның аман-саулығының қоғамдық-мемлекеттік қауіпсіздікке тікелей байланыстылығын сезіну, ал мемлекетті нығайту жеке адамды күшейту екенін мойындау, қысқасын айтқанда, патриотизм мемлекет деген ұғымды, жеке адаммен, яғни, оның өткенімен бүгінгі күнімен және болашағымен қарым-қатынасты білдіреді.

«Қазіргі таңда мемлекет бірінші орында жастармен жұмыс атқарудың күрделі істе қызығушылығын танытуда. Жаңа ұрпақты патриоттыққа тәрбиелеудің орны ерекше» деп Елбасы Н. Ә. Назарбаев айтып кеткендей және қай заманда болмасын адамзат алдында тұратын ұлы мұрат-міндеттерінің ең бастысы — өзінің ісін, өмірін жалғастыратын салауатты, саналы ұрпақ тәрбиелеу деген болатын, яғни халықта «Ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болғанда оны түзете алмайсың», «Балапан ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі», деп бекер айтылмаған. Біздің күн сайын атқарып жүрген жұмысымыз — курсанттарға үлкен сабақ. Сондықтан бойына ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық, яғни, адамгершілік құнды қасиеттерді ІІМ оқу орындарының қабырғасына келгеннен бастап жете сіңіріп, өз-өзіне сенімділікке, рухани — адамгершілікке, патриотизмге тәрбиелеудің шешуші рөл атқаратындығы бәрімізге анық. Сонымен қатар, бүгінгі біздің курсанттарымыз болашақтағы біздің әріптестеріміз, олар да ертең ұрпақ тәрбиелеп, жас ұрпаққа тәлім-тәрбие береді, азаматтардың құқығы мен бостандығын қорғауда талмай еңбек етеді. Міне осы жолда төзімділік, шыдамдылық танытуға оларға берілген патриоттық тәрбиенің қосар үлесі мол болатыны даусыз.

«Аталар сөзі - тәрбие көзі» дегендей көрнекті педагог В. Сухомлинский «Егер балаға қуаныш пен бақыт бере білсек, ол бала солай бола алады», — дейді. Демек, біз әскери дайындық сабағын өткізу барысында курсанттарға Отанын сүйуге, халқының патриоты болуға, жан-жақты терең білім беріп, оның жүрегіне адамгершіліктің асыл қасиеттерін үздіксіз ұялата білсек, айналасымен санасуына, ертеңгі күні халқымыздың сенімін ақтайтындығына, қазақта «Ел — ырыстың кілті, ер — ырыстың қорғаны» дегендей ертеңгі біздің болашағымыздың қорғаны болатынына ықпал етері сөзсіз.

Сондықтан ІІМ-нің болашақ қызметкерлерін азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының болашақ қорғаушысы ретінде адамгершілікке, өнегелікке, инабаттылыққа, көрегенділікке тәрбиелеу, сонымен қатар Қазақстан Республикасының мүддесін қорғау туралы идеологиялық тәрбиесін жоғарылатуға көңіл бөлуі керек.